

ПЕДАГОГТЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне ұсыныстар:

1. Оқушылардың дарындылық бағытын өз күшіне, қызығушылығына сай дұрыс таңдауды үйрету;
2. Тапсырманың қиындығын объективті және субъективті бағалауға үйрету;
3. Берілген тапсырманы қорытындылап, нәтижесін шығарған соң, балаға нақты бағасын қою (асырмай, түсірмей);
4. Тест бойынша «спиральді қозғалыс» әдісіне үйрету;
5. Оқушыға өз-өзің ұстай білудің өзі өнер екендігін ұғындыру;
6. Оқушының қабілетіне сай тапсырмалар бере отырып, қателіктерін түсіндіріп, оны жөндеуге бағыт-бағдар беру;
7. Оқушының маужыраңқы күйден арылуға, тез жинақталуға, өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектесу;
8. Оқушылардың организмі сақтандыру шегіне сүйенеді, жүйке жұқару жүйесінің болдырмауына, басты жұмсалған шығынды өнім энергиясына, өзімен күресуді, өз еңбегімен, өз мінез-құлығымен, өзінің жағдайымен күресуге үйрету;
9. Уақытты үнемдеп, тез ойлауға, шапшаңдылыққа дағдыландыру;
10. Танымдық процестерін (ойлау, есте сақтау, зейін қою қабілеттері) дамыту;
11. Оқушылардың пәндерге деген қызығушылықтарын ояту;
12. Оқу мотивациясын арттыру;
13. Оқушыға қандай да шағын (кішкентай) жаңалық ашуына мүмкіндік беріңіз;
14. Есіңізде болсын! Бала- толығымен кемшіліктерден, денқойлықтардан және жолы болмаушылықтарынан тұрмайтынын ұғындырыңыз;
15. Үздік немесе үлгермейтін, шапшаң немесе баяу, жеңіл немесе ауыр мінезді кез-келген бала өзіне тән сүйіспеншілікке, сыйластыққа және бағалауға лайық екенін ұмытпаңыз;
16. Барлық жоғары талапты мақтаудан бастаған жөн;
17. Эмоционалдық жағдайы қаншалықты жоғары деңгейде болса оқуда соншалықты мүмкіндігі мен табысқа жететінін әрдайым айтып жүріңіз.

ЖАС МАМАНДАРҒА КЕҢЕС

1. Оптимист болыңыздар!
2. Ең бастысы мынаны ұмытпаңыздар: балалар-олар да үлкендер;
3. Ештеңеден қорықпаңыз: тәжірибелі ұстаздарға арқа сүйеңіз;
4. Ата-аналармен қалай қарым-қатынас жасау керек? Балалармен қалай қарым-қатынас жасасаңыз, олармен де дәл солай болыңыз. Үлкендер-олар шаршаған үлкен балалар тәрізді;
5. Әкімшілікпен қарым-қатынаста мына техниканы ұстаныңыз: Барлығына келісім беріңіз(сізге кеңес берсе де, бұйрық берсе де. Бірақ, өзіңіз дұрыс дегенді ғана істеңіз). Мансап қумаңыз;
6. Ұмытпаңыз: педагогикада сыныпқа алғаш кірген кезіңіз; алғашқы сабақтар, алғашқы танысулар-барлық алғашқы нәрселер үлкен маңызға ие;
7. Мына ережені ұстаңыз: егер де сіз балаларға ең алдымен еркіндік беріп, одан кейін қаталдыққа барсаңыз-олар сізді ұнатпайды; ал керісінше бірінші қаталдық танытып, одан кейін босатсаңыз-олар сізге риза болады;
8. Есте сақтаңыз: сіздің ең басты жұмысыңыз-балалармен қарым-қатынас жасау;
9. Балалардың көзінше жұмыссыз отырмаңыз;
10. Өзіңіздің жылуыңызды кім қажет етсе содан аямаңыз;
11. Мұғалім-әрқашан бірқалыпты, нық, сенімді, жақсы көңіл-күйде болуы тиісті;
12. Оқушылармен амандасып жүріңіз, бұл өте маңызды;

13. Өзіңіздің оқушыларыңыз туралы білуге ұмтылыңыз. Олар қалай оқиды, тұрмысы қалай, бұрын қандай болған. Бұл сізге педагогикалық талдау жасауға көмектеседі;
14. Өз қателігіңізге ұялмаңыз. Балалар үлкендерге қарағанда қатені үнемі кешіреді;
15. Шешім қабылдарда күдіктенсеңіз, ең жақсысы-асықпаңыз;
16. Өз-өзіңізді таңертең, күндіз, кешке 3 рет мақтаңыз. Ойлану сіздің ең басты мақсатыңыз;
17. Бала да болып көріңіз. Балалармен ойнаңыз, күліңіз, секіріңіз. Өзіңіздің мұғалімдігіңізді балалық шағыңыздың жалғасы сияқты қабылдаңыз.

Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да, аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне..., жақсылық пен ізгілік көрсетіп..., қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Әл-Фараби